

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті" және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің "Дипломатиялық академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 қазан N 1589

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті" және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің "Дипломатиялық академиясы" республикалық мемлекеттік Қазыналық кәсіпорындарын оларды қосу жолымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органды, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы органды болып Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің қайта ұйымдастырылатын "Дипломатиялық академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын 2000 жылғы 1 қарашаға дейін Астана қаласына көшіру туралы ұсыныстарына келісім берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның құрамында "Дипломатиялық академиясы" құрылымдық бөлімшесін, оған мынадай функцияларды:

дипломатиялық қызмет кадрларын қайта даярлауды;

Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшілерінің және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі құрылымдық бөлімшелері басшыларының біліктілігін көтеруді, сыртқы қызметпен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың қызметкерлерін қайта даярлауды және олардың біліктілігін көтеруді бере отырып, құруды;

2) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің "Дипломатиялық академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бұрынғы қызметкерлері үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінде бұрын атқарған қызметтерінің жұмыс кезеңіне "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

министрлігінің "Дипломатиялық академиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 қыркүйектегі N 1102 Р961102\_ қаулысында көзделген еңбекақы төлеу шарттарын сақтауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік т і р к е л у і н қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК